KOZYBAYEV UNIVERSITY

ПАРАСАТ

№11(15), 15.12.2022

1996 ЖЫЛДЫҢ 22 НАУРЫЗЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ИЗДАЁТСЯ С 22 МАРТА 1996 ГОДА

ТӘУЕЛСІЗДІК – АЗАТТЫҚТЫҢ АҚ ТАҢЫ

Тәуелсіздік бізге оңай келмеді,
Ата-бабам не қиындық көрмеді?!
Қара қазан, сары бала қамы үшін,
Ат үстінде көз ілдіріп, түнеді.
Қарсы айқасты күші басым жауменен,
Жеңілмеді жүрек жұтқан ерімен.
Ұланбайтақ ұлы өлкемді мұра етіп,
Түре қуды қас дұшпанын жерінен.
Қаракерей Қабанбайдай батырлар,
Ақтамберді, Шалкиіздей ақындар,
Азаттықтың таңы атсын деп ертерек,
Жанжағынан бола білген қорғандар.
Міне, бүгін тәуелсізбіз, азатпыз,
Дара туған, дана туған қазақпыз!
Астанам бар күллі әлемге әйгілі,
Іргетасын берік елдің қалаппыз.
Тәуелсіздік – мақтанышым, айбарым,
Тәулсіздік – ұлан-ғасыр аймағым.
Тәуелсіздік – күллі алаштың аспаны,
Тәуелсіздік – азаттықтың ақ таңы.

Асылхан АБЫЛАЙХАНҰЛЫ

АНА ТІЛІМІЗДІ ДАМЫТУ – ӨЗІМІЗДІҢ ҚОЛЫМЫЗДА

«Қазақ тілі» қоғамы – қазақ тілін, мәдениетін, әдебиетін, тарихын оқып-үйренуге, әдет-ғұрпын, тұрмыс-салтын сақтап, оны одан әрі дамытуға ықыласты қазақ және басқа ұлт өкілдерінің басын біріктіретін ерікті ұйым.

Қоғамның мақсаты – қазақ тілінің республикада және одан тыс жерлерде кеңінен қолданылуына байланысты мемлекеттік, қоғамдық әр түрлі ұйымдар мен ұлттық мәдени орталықтарға, жеке азаматтарға көмек көрсету.

Ұйымның атқарып жатқан қызметі жайлы Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы Солтүстік Қазақстан облыстық филиалының төрағасы Жанат Мұхаметжановпен сұхбаттастық.

– «Қазақ тілі» қоғамы еліміз Тәуелсіздік алған жылдары қыруар жұмыс атқарды. Ал өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз табылған қазіргі таңда бұл ұйымды қайтадан жандандырудың қандай қажеттілігі бар?

– Соңғы он жыл көлемінде ұйымның жұмысы тоқтап қалды. Оның бір себебі әр облыста Тілдерді дамыту басқармасы ашылды. Екеуінің жұмысы қайталанып кетті.

Бірақ бүгінде Тілдерді дамыту басқармасын Мәдениет және архив істері басқармасымен біріктірді. Сол себептен басымдық мәдениетке беріліп, тілді дамыту жұмыстары біраз тоқтап қалды. Сонымен қатар Тілдер басқармасы мемлекеттік мекеме болғандықтан проблемалық мәселелерді ашық түрде айта алмайды. «Балаларыңды қазақ мектебіне беріңдер», «Аты-жөндеріңді қазақшаға ауыстырыңдар» деп айтпайды.

Мысалы былтыр Петропавл қаласы бойынша 650 қазақтың баласы орыс мектебіне барды. Неге? Тілдер басқармасы мұны «ата-аналардың қалауы» дейді. Бұл жерде әр ата-анамен жұмыс жасау керек. «Егер біз тіліміздан айырылсақ – Тәуелсіздігімізден де айырылып қаламыз. Қазақ тілі – еліміздің болашағы, ұлтымыздың тұтастығы», - деп түсіндіріп, оған үлкен мән беруіміз керек.

Осы орайда ойын, пікірін еркін білдіре алатын «Қазақ тілі» қоғамы, оның атынан сөйлейтін адамдар керек.

(Соңы 2-бетте).

(Басы 1-бетте).

– Жалпыдан жалқыға қарай ауыссақ, Солтүстік Қазақстан облысындағы тілдік ахуал қалай? Нақты зерттеулер, әлеуметтік талдаулар жүргізілді ме?

– Өз мысалым: үлкен ұлым 16-да, қазақша тәп-тәуір сөйлейді. Ал кіші ұлым 4-те. Қазақ тілді балабақшаға барады. Үйде қазақша сөйлесеміз. Алайда тілі орысша шықты. Оның басты себебі – телефон.

Ата-аналар балаларын орыс балабақшалары мен мектептеріне береді. Қазақ балабақшасына барғандардың 30-40 пайызы орыс сыныптарына кетеді. Былтыр Қазақстан бойынша 86 пайыз балалар бірінші сыныпқа қазақ мектептеріне барған. Қазақша үй жұмысын орындауға көмектесе алмаймыз дейді.

Қаламыздағы жұмысшы кентінде 20-30 шақты сыған отбасы тұрады. Олардың әріпі, грамматикасы жоқ. Сығанша жазылған кітап та жоқ. Бірақ бір-бірімен сығанша сөйлеседі. Біздің олардан қай жеріміз кем?

Ата-бабамыз бізге тілімізді аманат етіп тастап кеткен. Біздің жазуымыз 4 ғасырдан бастау алады. Ал тәуелсіздік алғаннан кейін тілдік ахуалымыз кері кетіп бара жатыр.

– Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы Солтүстік Қазақстан облыстық филиалының қазірге дейін атқарылған жұмыстарына тоқтала кетіңізші. Не істелді, жоспарларыңыз қалай?

– Айтып өткенімдей, қоғамның жұмысы соңғы жылдары біраз бәсеңдеп қалған.

Ақпанның 21-і халықаралық ана тілі күніне орай оқушылар сарайында халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы облыстық филиалының кеңейтілген алқа мәжілісін өткіздік. Жиында өңірдегі қазақ тілінің мәртебесі туралы және оны көтеру үшін қандай жұмыстар іске асырылуы тиіс екенін ортақ талқыға салдық. Дәл осы күні біздің филиал жұмысын қайта жандандырды. 5 баяндама оқылды.

Сонда Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің әкімшілігінен қазақша сөйлейтін адам табылмады. Ал ректоратта отырғандардың барлығы орта буын өкілдері. Менің ойымша олар қазақ тілін білуге міндетті.

Алдыңғы буын ағаларымыз кеңес заманында орысша оқығандықтан қазақ тіліне шорқақ. Ал орта буын ешкімді кіналай алмайды. Олардан кейінгі жастар да тіл білмегендеріне билікті айыптай алмайды. Себебі қазақ мектептері, жоғары оқу орындары бар. Қазақша кітаптар мен телеканалдар бір бөлек.

Тілді еркін үйренуге барлық жағдай жасалған бүгінде. Біз қанша жиналыс жасағанымен, мемлекет қанша қаулы шығарғанымен тұтас халық кіріспей, тіл тәуелсіздігі орнай қоймайды. Себебі көптеген басшы қол қойып, қол көтергенімен қағазға, іске келгенде анық жеріне жеткізіп, аяқтай алмай жататынымыз бар. Сондықтан «Қазақ тілі» қоғамының қайта жандануы, халықтың өзі кірісуі және халықтың өзі қолға алуы керек іс.

– Жақында түгел ауданды аралап шыққаныңызды білеміз. Аудандарда, ауылдарда тіл төңірегіндегі мәселе қалай шешіліп жатыр? Билік тарапынан бетбұрыс бар ма?

– Бүгінде барлық аудандарда «Қазақ тілі» қоғамының филиалдарын аштық. Күн тәртібіне 3 мәселені қойдық. Бірінші – аудандардағы білім саласындағы қазақ тілі. Екінші – аудандардағы мәдениет және тілдерді дамыту саласындағы қазақ тілі. Үшінші – аудандарда төрағаларды сайлау мәселесі.

Бұл отырыстарға аудандық білім бөлімдерінің басшылары өздері қатыспай, әдіскерлерін жіберді. Олардан «Былтыр неше қазақтың баласы бірінші сыныпқа барды?» деп сұрасам, білмейді.

Уәлиханов ауданында орыс сыныптары көбейіп жатыр. Ал бұл ауданда 99 пайыз қазақтар тұрады. Аралас мектептер бар. Олардың өзінде түгел қазақтар оқиды.

«Тілді дамыту мектептен, балабақшадан басталу керек» дейміз ғой. Осы орайда білім бөлімдері басшылары бұған мүдделі емес деген ойға келдім.

Аудандарға барғанда міндетті түрде әкімдіктеріне барып сұрадым: «Аудан әкімдігі, бөлімдерінде неше пайыз қазақсындар?» – деп. «80-90 пайыз қазақпыз», - дейді. «Жиналыстарды неге қазақша өткізбейсіндер?» деген сауалыма ешкім жауап бере алмады.

(Соңы 3-бетте).

(Басы 2-бетте).

– Қазір қазақ тілі аударма тіліне айналып бара жатқан сияқты. Осы мәселе қалай шешіледі? Әр өңірде тіл оқыту орталықтары бар. Сонда іс қағаздарын қазақша жүргізуді үйрете алмай отырудың себебі неде?

– Бұл жерде біздің түсінуіміз керек ең басты мәселе – қазақ тілін бізге Ресей, Еуропа келіп дамытып бермейді. Оны әр азамат өзі талап етулері керек. Ұлттық намыс деген болуы қажет. Әр адамның бойындағы бар намысты ояту үшін де «Қазақ тілі» қоғамы керек.

Қоғам мүшелері менің осы жұртшылыққа жеткізгім келетін ақпаратпен бөлісіп, халықтан қазақ тілінде сөйлеулерін талап ете алады. Себебі бұған құқылы. Осы қоғамға ұлтқа жаны ашитын азаматтарды тартуымыз керек. Оған 16 жастан асқан әр адам мүшелік ете алады.

Бүгінде 500 адамбыз. Оны 5-10 мыңға жеткізгіміз келеді.

«Жалғыздың шаны шықпас», - дейді. Қоғамда неғұрлым көп болсақ, соғұрлым пікіріміз де көбейіп, айтар сөзіміз де естіледі. «Қазақ тілі» қоғамы өгей баланың күйін кешпей, әркімнің босағасын сығаламасын десек, қоғамның кеңсе және жоспарлаған жұмысын қаржыландыру мәселесін де қарастыру қажет.

– Тіл мәселесінің бір ұшы ономастикаға келіп тіреледі. Бұл мәселемен айналысасыздар ма? Төл атаулар қашан қайтарылады? Қаланы Қызылжар деп атау туралы петиция жариялап, дауыс беріп жатқандар бар. Сіздің бұл мәселеге қатысты пікіріңізді білсек.

– Ономастикаға келетін болсақ, Кәрім Сүтішев көшесіне Абылай ханның атын бергіміз келеді. Абылай ханның резиденциясы тұр, лайықты көше. Оған 10 шақты адам ғана дауыс берді. Қоғамда мүше көп болып, соның атынан жазатын болсақ, әрине бірнеше мың пікір жиналушы еді.

Солтүстік Қазақстан облысында 372 қоғамдық ұйым бар. Соның 5-еуі ғана жұмыстарын қазақ тілінде жүргізеді. Ерлік Мұхаметжановтың «Қызылжар жастары», Ануар Тоқпановтың «Рух Тіл Жаңғыру», Гүлбақша Мұсабаева басқаратын «Ұрпақ», «Отандастар қоры» және «Қазақ тілі» қоғамы. Қалғанының бәрі орыстілді.

Ал бізге өңірімізді рухани, мәдени дамытатын ұйымдар керек. Мысалы «Көкпар», «Дін» сияқты ұйымдар болса қандай ғажап. Орыстілді «Центр долголетия» ұйымы бар. Онда бір қазақ зейнеткер жоқ. Осындай ұйымды өзіміздің ата-әжелерімізге арнап ашсақ қандай керемет.

Зейнет жасындағылар төрт қабырғада қамалып отыратындықтан қалаға көшкілері де келмейді. Оларға арнайы орта туғызсақ, белсенді өмір сүрулеріне әрекет жасасақ, нұр үстіне нұр болар еді.

Екіншіден әлеуметтік желілерде жұмыс жасау керек. Атап өткендей, елдің және сол аймақтың топонимикалық атаулары туралы шығарма және видеоблог сайысын өткізу жоспарда бар.

Қаланы Қызылжар деп атаған күні той жасаймын, әрине. Алайда, қазір қолайсыз уақыт. Менің ойымша, алдымен облыс атауын өзгерту керек. Қызылжар облысы десек халықтың құлағы үйренеді. Сол кезде қаланың атауын өзгерту жеңілірек болады.

Осы жолы көтерілген мәселеде 23 мың қол жиналды. Оның өзінде Шымкент, Ақтау, Қызылорда, Көкшетаудағы таныстарыма хабарласып: «Петропавлда қазақтар аз, сендер қолдап дауыс беріңдер», - деп өтініш жасадым.

Әлеуметтік желілерде елдің және сол аймақтың топонимикалық атаулары туралы шығарма және видеоблог сайысын өткізу, «Қызылжар» өңірінің тарихы» тақырыбында әр ауданның тарихшыларын (сол ауданның ономастикалық атауларына зерттеу жүргізе отырып) қатыстыра отырып дөңгелек үстел ұйымдастыру, аудандардағы және Петропавл қаласындағы көше және мекемелерге атау беруге байланысты облыстық ономастика комиссиясына ұсыныс хаттар әзірлеу жоспарлануда.

– Жақында Парламентте депутаттарға қазақ тілін үйретуге бюджеттен 27 млн. теңге жұмсалатыны туралы білген жұртшылық шу шығарды. Жалпы әкім, депутат, министрлерден бастап, қатардағы мемлекеттік қызметшілерге дейін неге өз ақшаларын шығарып оқымайды? Мысалы, ағылшын тілін үйрену үшін төлейді ғой.

– Негізі аға буынды оқытуымыз керек. Себебі ол кісілердің мүмкіндіктері болған жоқ.

Бірақ оқытудың формасын өзгертуіміз керек. 40-тағы адамды партаға отырғызып оқыту қиын. Біз осы мақсатта «Қазақ тілі» клубын аштық. Бұл клубқа көбінесе шалақазақтарды шақырдым. Кейбір адамдарда «қате айтсам не болады?» деген қорқыныш бар. Менің мақсатым қазақ тілін шала білетіндер мен таза сөйлейтіндер араласатын орта құру болды.

Мұнда түрлі қызықты ойындар ұйымдастырдық. Осындай ерекше форматта адамдардың сөздік қорын кеңейту, ыңғайсызданбай сөйлесуіне ықпал жасауымыз керек. Олар біздің қолдауымызға мұқтаж.

«Қазақ тілі» қоғамы мен қазақ қоғамы – егіз ұғым. Ақиық ақын Мағжан Жұмабаев «Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тіл» деген. Мемлекеттігімізді сақтап, ұлттық құндылықтарымызды бірге асқақтатайық.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Қуаныш ҚАПЕЗ

KU жаңалықтарын ku.edu.kz сайтында бірінші болып оқыңыз

«СЕН ДЕ БІР КІРПІШ ДҮНИЕГЕ, КЕТІГІН ТАП ТА, БАР ҚАЛАН!»

Л. Толстой жақсы мұғалім өз ісіне деген сүйіспеншілік пен шәкіртіне деген сүйіспеншілікті біріктіріп жүретіні туралы атап өткен.

Расында, ұстаз боламын деген адамның мінезінде қаншама рухани қасиеттер: қайсарлық, шексіз шыдамдылық, қаталдық пен жұмсақтық, сенім мен барлық істе үлгі бола білуі дұрыс. Ең бастысы – сүйіспеншілік, өмірге деген сүйіспеншілік, оқу процесіне, ең бастысы, балаларға деген сүйіспеншілік.

Бүгінгі сұхбаттың кейіпкері осындай ұстаз қасиеттеріне тән. Ол – Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті «Қазақ тілі мен әдебиет» кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының кандидаты, профессор, доцент Жанар Серкешқызы Таласпаева.

- Жанар Серкешқызы, ұстаз болу үлкен жауапкершілік, көптеген шәкірттер сізден үлгі алады. Сіз үшін мұғалім болу нені білдіреді?

- Адам тәрбиелеудің, тұлға қалыптастырудың бағбаны – Ұстаз дейміз. Мұғалім өзінің білімділігімен, жүріс-тұрысымен, жайдары мінезімен, тіпті сырт пішіні, киген киімімен де оқушысына әсер етеді. «Орташа мұғалім баяндайды, жақсы мұғалім түсіндіреді, тәжірибелі мұғалім көрсетеді, ұлы мұғалім шабыттандырады» деген қанатты сөзді үнемі қаперімізде ұстауымыз керек.

Ұстаз болу – өз уақытын аямау, өзгенің бақытын аялау. Талай түлектің өмірдегі орнын табуға дәнекер болып, «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан!» деген міндетті абыроймен атқару деп түсінемін.

- Неше жыл ұстаз боп жұмыс істейсіз?

- 1992 жылы Н.К. Крупская атындағы Семей педагогикалық институтының Қазақ филологиясы факультетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығын үздік аяқтап, сол жылы К. Ушинский атындағы Петропавл педагогикалық институтының (қазіргі М. Қозыбаев атындағы СҚУ) «Қазақ филологиясы» кафедрасының оқытушысы болып қабылдандым. Содан бері университетімізде 30 жылдан аса қызмет істеп келемін.

- Ұстаз боламын деп қашан шешім кабылдадыңыз, сол сәт есіңізде ме? Неліктен бұл мамандықты таңдадыңыз?

- Ұстаздық жолды таңдауыма, оның ішінде қазақ тілі мен әдебиеті мамандығын қалауыма әсер еткен екі адам болды.

Олардың бірі – анам болды. Анам сөзге шешен, суырып салып өлең шығара білетін дарынды, әдебиетті, күмбірлеген күйді, домбыраны ерекше сүйетін жан еді. Абайдың өлеңдерін ерекше жақсы көрді. Осы мамандықты таңда деп кеңес берген анам болды.

Екіншісі – Әбу Досмұхамбетов атындағы Дарынды балаларға арналған гимназия-интернатының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ берген ұстазым – Малдыбаева Әлия Ғалымқызы болды. Ол кісі М. Әуезовтың «Абай жолын», Ғ. Мүсіреповтың «Қазақ солдатын» т.б. классик ақын-жазушылар шығармаларының кейіпкерлерін сомдап, көркемдік ерекшелігін талдау кезінде ерекше шабыттанып, сол әдебиет әлеміне өзін де, өзгені де еліктіріп алып кететін.

Сондықтан «ұлы мұғалім шабыттандырады» деген пікірдің өмірден алынғандығына, адамның тағдырына, оның тұлғасын қалыптастыруға әсер ететіндігіне көзім жетті десем болады.

- Сіздің ойыңызша педагог-филолог қандай болуы керек?

- «Филология» сөзі грек тілінен аударғанда «сөзге ғашықтық» деген мағынаны білдіреді. Педагог-филолог тілдің заңдылықтарын түсінетін, оның даму тарихы мен қазіргі жағдайын білетін тіл маманы. Білім алушыларға сөздің құдіретін танытып, мағынасына сай мәнерлі, бейнелі жұмсауға дағдыландыратын, тілдік норманы бұзбай, сөзді үлкен ұқыпылықпен қолдануға машықтандыратын маман. Тіл мен әдебиетке деген сүйіспеншілігін арттыра білетін нағыз маман болу керек деп білемін.

- Қазақстандағы қазіргі кездегі мемлекеттік тілдің дамуына көзқарасыныз қандай?

- Мемлекеттік тілге қатысты жұмыстарды дау-дамайсыз, қызбалыққа салынбай, бірақ табанды түрде жалғастыра беру қажет. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев: «Қазақ тілінде сөйлеу мақтаныш болуы үшін қоғамда оған деген қажеттілікті арттырған жөн. Мемлекеттік қызметке, оның ішінде, халықпен тығыз жұмыс істейтін лауазымға тағайындау кезінде кәсіби біліктілігіне қоса, қазақ тілін жақсы білетін азаматтарға басымдық беру керек», - деген болатын. Мен де осы пікірге толықтай қосыламын.

Қазіргі заманауи технологияның дамыған заманында қазақ тілін мобильді қондырғылар арқылы үйрету, теледидар мен радиода тіл үйрету курстарын үздіксіз жүргізу қажетті шаралардың бірі деп білеміз. Тіпті мемлекеттік тілді оқып-үйренген жоғары оқу орындарының білім алушылары оны 4 жыл бойы оқып, мемлекеттік емтихан тапсырулары қажет деген пікірді айтып жүргенімізге де аз уақыт болған жоқ.

Тәуелсіздік алғалы бері қазақ тілінің қолданыс аясы кеңейді, мерейі өсті. Қазақ тілді азаматтарымыздың бойында сенім-жігер пайда болды. Алқалы жиындар, мемлекеттік кеңестер қазақ тілінде жүргізіле бастады. Бұл біртіндеп тиімді жүргізіліп жатқан мемлекеттік саясат. Осындай үрдістің еліміздің солтүстік өңірлерінде жүргізілуіне аса назар аударылғаны жөн.

Телевизиялық және радио хабарларының **(Соңы 5-бетте).**

(Басы 4-бетте).

сапасын арттыру қажет. Ұлттық идеяға қызмет ететін мазмұнды бағдарламаларды молайту қажет. Балаларға арналған мультфильмдер мен ертегілерді қазақшалау керек және оны әлеуметтік желілерге орналастыру керек.

Бүгінде балаларымыз бен жастарымыздың орысша ойлап, орысша сөйлейтіндігіне қынжыламын. Ана тілінің қадірін түсінбей жетіліп келе жатқандығына жаным ашиды. Оған кім кінәлі? Сұрақ көп, мәселе де көп…

Қазақ тілі ғылым тіліне айналуы керек. Қазақ тілі кеңсе тіліне айналуы керек деп жалғастыра беруге болады. Осы талаптардың орындалуына әрқайсысымыз жауаптымыз. Өз ортасында әріптестері мен достарына күніне бес сөз үйретсе де үлкен нәтиже дер едім. Ол үшін арнайы диплом да қажет емес. Өз тіліімізді өзіміз құрметтемей, оның ешбір ұлт шындап қадірлей алмасы анық. Ана тілінде сөйлей алмаудың өзі ұят деген ойды қоғамда қалыптастыруымыз маңызды.

- Қазақ тілін енді ғана үйренемін деп жүрген жандарға қандай кеңес берер едіңіз?

- Ең бастысы ниет керек. Күн сайын қазақ тілінде достарымен сөйлесе беруге талпыну керек. Ол үшін орта бар, жағдай бар, қажетті оқу құралдары да жеткілікті. Қате сөйлеп ұятқа қаламын деген ойдан аулақ болу керек. Қарапайым тілмен қазақ тілінде жазылған кітаптарды, газет-журналдарды, мәтіндерді көп оқу керек және субтитрмен берілген қазақша фильмдерді қарауды әдетке айналдыру керек.

- Жұмысты, қоғамдық өмірді біріктіріп, отбасыңызға жеткілікті уақыт бөлуді қалай жүзеге асырасыз?

- Ең бастысы уақытты үнемді жұмсау керек. Тынымсыз еңбектену керек.

Әрине бос уақыт бола қоймайды, көбіне түнгі уақытты мақала, кітап жазуға да жұмсауға тура келеді. Себебі оқытушылық қызмет ғылыми жұмыспен де айналысуды қажет етеді. Отбасымның берекесін келтіріп, балаларымды оқытып, тәрбиелеу, туған-туысқандарыммен де тығыз қарым-қатынас жасап отыру мен үшін өмірдің бұлжымас заңдылығы дер едім. Ең алдымен ана және жар ретіндегі менің бірінші парызым десем артық емес.

Жалпы, өмірде қандайда бір жетістікке жету үшін адам жанын аямай еңбектену керек. Еңбекпен жеткен игілік, өзіңіз соған лайық болған жағдайда сізге шынайы бақыт әкелмек.

- Бос уақытыңызда немен айналысасыз? Сіздің хоббиіңіз?

- Көбіне кітап оқуды ұнатамын. Табиғат аясында отбасыммен бірге демалғанды ұнатамын.

- Сіздің сүйікті кітаптарыңыз қандай және адамдарға не оқуға кеңес берер едіңіз?

- Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» романы – халқымыздың ХХ ғасырдың басындағы этнографиялық энциклопедиясы іспетті аса құнды, қазақ руханиятының қазынасы.

«Ұшқан ұяда» әлем тарихы, жаратылыс шежіресі, жан-жануарлар болмысы, қауымының қалыптасуы, әлемнің пайда болуы, тірлік, өмір туралы алғашқы мағлұматтарды, азаматтық тұрғыдағы аңыз-әңгімелерді әжесінен естігенін үлкен сүйіспеншілік сезімімен есіне алған, сондай-ақ ненің жақсы, ненің жаман екенін, нені сүйіп, неден аулақ жүруді әжесінен үйренгенін мақтан етеді.

Немат Келімбетовтің «Үміт үзгім келмейді» кітабын оқи отырып, дәл қазіргі ойнап-күліп, жақындарымызбен еменжарқын араласып өтіп жатқан күндеріміз үлкен бақыт екенін түсіндім.

Шығарманың бас қаһарманы Ержан жарық дүниеде болғанның, төрт аяғын жер басып жүргеннің өзі үлкен бақыт екенін біледі. Өткенін ой елегінен өткізеді. Сөйтсе күйбең тірлікте өзі үшін маңызды көп дүниені ескермеген екен.

Шындығында, біз, пенделер, өмірдің бағалай алмайды екенбіз. Еңбек еткен, қолыңнан іс келсе, перзент сүйсең – мәнді ғұмыр деген сол. Расында, адам – өмірге ғашық, құштар. Өлімнен қорықпау деген жай сөз. Шығарма Ержанның ауруханадағы ой-толғаныстары арқылы осы ақиқатты түсіндіреді, бақытты қалай, немен өлшеу керектігін керемет ұғындырады.

Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы», Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер», Қабдеш Жұмаділовтің «Тағдыр», «Дарабоз», Ғ. Мүсіреповтің «Ұлпан» романдары мен Абай, Мағжан, Мұхтар Шаханов ақындарымыздың өлеңдерін оқып отыруға кеңес берер едім.

Әрине қазіргі заман ақын-жазушыларының шығармаларынан да хабардар болу керек. Төлен Әбдіковтің «Парасат майданы», «Өмірзая» шығармалары үлкен ой туғызатын туындылар.

- Сізге мотивация беретін сүйікті дәйексөз немесе афоризм бар ма?

- Ахмет Байтұрсынұлының «Білімді

(Соңы 6-бетте).

(Басы 5-бетте).

болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек», Абай Құнанбаевтың «Пайда ойлама, ар ойла», «Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап, Әуре етеді ішіне қулық сақтап. Өзіңе сен, өзіңді алып шығар, Еңбегің мен ақылың екі жақтап», «Ақырын жүріп анық бас, Еңбегін кетпес далаға». «Ұстаздық еткен жалықпас, Үйретуден балаға», Уильям Уорд: «Орташа мұғалім баяндайды, жақсы мұғалім түсіндіреді, тәжірибелі мұғалім көрсетеді, ұлы мұғалім шабыттандырады» деген қанатты сөздерін қаперімде ұстаймын.

- Сіздің ойыңызша, өмірін ғылымға арнағысы келетін адам неден бастау керек? Өскелең ұрпаққа қандай кеңес берер едіңіз?

- Шәкәрім Құдайбердиев «Насихат» деген өлеңінде ғылымның пайдасын, адамзат қоғамының өркендетудегі орнын жоғары бағалай келіп, надан, залым, айлакер, арам ниетті адамдарға ғылым үйретсе, ол әрі пайдасыз, әрі қауіпті дегенді айтады. «Шын залымға берме ғылым, ол алар да жоқ қылар. Қаруым дер, кісі атып жер, ол ғылымды айла етер» дейді. Сондықтан ғылыммен айналысамын деген адамның шынымен қоғамға пайда әкелуге, өмірді жақсы жағына өзгертуге деген таза ниеті болуы керек.

Ғылымды өзінің бас пайдасына ғана жаратамын деген оймен ғылым жолына түспей-ақ қойғаны абзал. Ғылым жолы – ауыр жол. Өз уақытымен санаспай жанкештілікпен еңбектенуге даяр болуды және үздіксіз оқып, ізденуді қажет ететін сала.

- Университетіміздің болашағын қалай елестетесіз және студенттерге деген тілегіңіз?

- Біздің университет Орталық Азияда ең беделді ғылымы мен білімі ұштасқан жоғары оқу орындарының бірі. Онда әлемдік профессорлар жұмыс істейді. Білім беру бағдарламалары заманның сұранысына жауап беретін, оқу мен тәжірибесі ұштасқан, заманауи зертханаларда ғылыми зерттеу жұмыстары үздіксіз жүргізіліп жататын жоғары оқу орны. Еліміздің түкпір-түкпірінен және шетелдерден студенттер келіп оқуға құштар білім ордасы.

Студенттерге айтар тілегім – сәттілік пен жеңіске жету жолындағы кез-келген кедергілер мен қиындықтарды жеңіп, басталған жолды батыл әрі сенімді түрде жалғастыруды тілеймін. Әр күн қызықты және танымды болсын, жаңа білім сіздердің алдарыңызда үлкен мүмкіндіктерге жол ашсын демекпін.

Сұхбатты жазып алған:
Диана СӘКЕНОВА

ЖУРНАЛИСТИКА – ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН МАМАНДЫҚ

Журналист – жазуды, сөйлеуді, зерттеуді білетін адам. Ол әлемде болып жатқан оқиғаларды зерттеуші, ол оқиғалардың барысын сараптап бере алады.

Бұл мамандықтың өкілдері бұқаралық ақпарат құралдары – интернет-басылымдар, телеарналар, радио үшін ақпараттар, мақалалар, фотоесептер, жаңалықтар дайындайды. Журналистиканың қазіргі қызметі осындай.

Шынымен де, журналистика – өте қиын және үлкен жауапкершілікті қажет ететін мамандықтардың бірі.

Біздің заманымызда көптеген танымал және өте тәжірибелі журналистер бар. Бұл өз кәсібіне толықтай берілген немесе өмір бойы осы кәсіппен айналысқан адамдар.

Сондай-ақ қазіргі кезде жас журналистер өсіп, тәжірибе жинақтап келеді, олар жетістікке жетуде. Бірақ әр адамның өмірінде оның кәсіби қасиеттерін, мінезі мен дүниетанымын қалыптастыруға байқалатын, кейде шешуші ықпал ететін адамдар болатынын ұмытпауымыз керек.

Студенттеріне сүйіспеншілік, мейірімділік, терең білім беруді білетін оқытушымен кездескен адам ерекше бақытты.

Біздің Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінде осындай оқытушылар болғанына өте қуаныштымыз. Олардың бірі – осы университеттің оқытушысы, журналистика саласының магистрі Әшекей Жұмағұлқызы Сәуірбаева.

Мүмкіндік пайда бола салысымен Әшекей Жұмағұлқызымен оның журналистика мен оқытушылыққа қалай келгеніне байланысты сұхбат алдық.

- Әшекей Жұмағұлқызы, неге журналистика мамандығын таңдадыңыз?

- Телеарна, газет журналистерін газет пен телерадиодан көріп естіп, сырттай қызығатынбыз. Талабы да күшті екенін сезіп, біз үшін қол жетпес арман ғана болады деп ойладық.

Алайда облыста жалғыз мемлекеттік оқу орнынан журналистиканың ашылғаны туралы жағымды жаңалық таралғаннан бастап, құлағым жастыққа тимей, дайындыққа кірістім. Ұзақ дайындықтан өткен менің еңбегім еленіп, оқуға түсіп кеттім. Айтпағым, оқу процесіндегі алғашқы өндірістік тәжірибе менің мамандыққа деген махаббатымды оятты.

- Журналистика мамандығына оқыған кездеріңіз туралы не айта аласыз?

- 2006 жылы қазақ журналистикасының екінші түлегі болып диплом алдық. Алғашқы түлектер оқуды

(Соңы 7-бетте).

(Басы 6-бетте).

тәмамдайтын жылы қалалық «Қызылжар нұры» газеті жарыққа шықты. Сол жылы түлектермен бірге редакцияға жұмысқа қабылдандық. Қазір сол кездерімді сағына еске аламын.

Журналистердің арасындағы бауырмалдық пен бір-біріне деген жанашырлықты байқадым. Жоғары курс студенттерімен оқу мен қызметті қатар алып жүрдік. Мемлекеттік грантта оқып жүрген менің үздік оқуым мен мақалаларымның негізінде Президент степендиясына көтерілдім. Бұл мен үшін үлкен марапат қана емес, алға ынталандыру, жігерімді қайрай түсті.

- Журналистика мамандығына оқуға түскен кезде қандай сезімде болдыңыз?

- Мен осы мамандыққа оқуға түскенімде өзіме сенімсіз болдым. Менің ойымша, журналист болу қарусыз майданға шығумен тең болатын.

- Сіз оқытушылыққа қалай келдіңіз?

- Менің диплом жұмысыма облыстық газетке ерен еңбегі сіңген бас редактор Бақыт Мұталапұлы Мұстафин жетекшілік еткен болатын. Өкінішке қарай, магистратураның 1-курсын оқып жүргенімде көз жұмды. Содан бастап жетекшінің орнына мен университетке оқытушы болып келдім.

- Жұмыс тәжірибеңіздің барысында бұрын және қазір оқитын студенттерде айтарлықтай өзгерістер байқадыңыз ба?

- Қазір қоғам дамыған сайын адам баласына, соның ішінде мектеп түлектеріне, болашақ мамандарға қойылатын талап та күшейеді. Бұрынғы студенттер қазіргі студенттерден ерекшеленеді. Журналистика мамандығын таңдап келген әрбір жастың шығармашылық қабілеті болады. Тіпті кейбір студенттер сабақ үстінде өлең оқып бергісі келеді, өлең оқып актерлік қырын жылт еткізіп байқатып жатады. Бір қызығы, университет театрының сахнасында шыңдалып жүретін студенттеріміздің көздерінен оттың ұшқынын көресің.

- Сізге редакцияда жұмыс жасап, бір уақытта оқығаныңыз қиын болды ма?

- Бұны қиын деп те айта алмаймын, мен үшін қызықты болғаны басым. Редакциядағы қайнап жатқан тіршілік маған қанша жерден қиын болса да, қызық еді. Практикада үлкен жауапкершілікті арқалайсың, тәжірибелі журналистермен иық тіресе жұмыс істеу мәртебе, абырой. Аға буын тәжірибелерімен бөлісіп, кеңестерін беріп жатқаны бір ғанибет.

- Болашақ студенттерге және өскелең ұрпаққа қандай кеңесіңіз бар?

- Менің бір ғана айтарым, шығармашылықпен, ғылыммен айналысатын адамның көңіл-күйі жақсы болуы керек екен. Шабыт болмаса қанатсыз құс сияқты еңбегін өнбейді, өрге де баспайды.

Мен бұл жағдайда қызық және көңілді бағдарламаларды көремін немесе далаға шығып серуендеп, жаныма жағымды іспен айналысуды жөн көремін.

- Әшекей Жұмағұлқызы, бізге уақытынызды бөлгеніңіз үшін алғысымызды білдіреміз! Сізге алдағы уақытта жұмыста сәттілік тілейміз!

Диана Сакенова

ҰСТАЗДЫҚ ҚАНДАЙ МАМАНДЫҚ?

Мұғалім мамандық емес деген пікір қаншалықты дұрыс?

Менің өмірімде осылай айтқан адамдар кездесті. Мен, әрине, бұл пікірмен келіспейтінім белгілі. Осындай пікір естігелі өзімді болашақ журналист ретінде осы тақырыпқа мақала жазып шығару көпке дейін ойымда жүрді.

Абай атамыз айтқандай, адамға үш алуан адамнан мінез жұғады: әуелі ата-анадан, достан, содан кейін ұстаздан деседі. Әрі бұлардың қайсысы жақын болса, сол жандардан көбірек мінез жұғатыны айтылады.

Ал енді тақырыпқа оралсақ, қалай ойлайсыздар, мұғалімдікті мамандық емес деп пікір айтқан адамдардың өзі мұғалімнен тәлім-тәрбие, білім алған жоқ па? Білім алу арқылы өздері де бір

(Соңы 8-бетте).

ҰСТАЗДЫҚ ҚАНДАЙ МАМАНДЫҚ?

(Басы 7-бетте).



саланың мамандығын меңгеріп отырған жоқ па?

Менің ойымша, бұл пікір мұғалімдерге құрметсіздік тудыратын сияқты.

Мамандығым мұғалім емес болса да, ұстаздар үшін көзқарасым айрықша: негізі нағыз білімді, саналы, сабырлы адам ғана мұғалім бола алады деген ойдамын. Өмірдің барлық салалары мен әр пәннің мұғалімдері пікірлерді қалыптастыра алады және қоғам мен өмір жеке мақсаттар туралы түсініктерді қалыптастыруға көмектеседі.

Сонымен қатар барлық сала қызметкерлері де мұғалімнен білім алу арқылы мамандық иесі болып шығатыны белгілі. Ал мұғалімдер оқушылардың дүниетаным шектерін кеңейтіп, олардың шығармашылық қабілеттерін арттыра алатыны сөзсіз. Оқушыларына тұлға болып қалыптасуына бірден бір септігін тигізетін жандар да осы ұстаздар емес пе?

Оқыту – бұл қиын жұмыс, бірақ бұл басқа адамның өміріне әсер ете алатын жұмыс. Егер сіз мұғалім болуды ойласаңыз, артқа шегінбеңіз.

Ұстаздар – оқушылар үшін ең жоғарғы

үлгі. Студенттердің академиялық мансабында әртүрлі оқытушылармен байланысқа түсуі, олармен сөйлесетін мұғалім маңызды болатынын білдіреді. Мысалы, мен үшін ұстазбен байланыс таптырмас құндылық болып табылады. Мұғалімдер жағдай нашар болып көрінген кезде де, оқушыларына оң көзқарас танытады, қандай даналық десеңіздерші?

Ұстаз әрқашан өз оқушыларына жанашырлықпен қарайды, болашағынан үміт күте отырып, оқушылардың жеке өмірін түсінеді және олардың оқу мақсаттары мен жетістіктерін бағалайды, ата-анасынан кем қуанбайды.

